

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Түркістан облысының Әділет департаменті

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ ТУРАЛЫ
АНЫҚТАМА**

060540001343

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Түркістан қаласы

26.01.2021 жыл

Заңды тұлғаның атауы:

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының

Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің

"Абай атындағы №31 жалпы орта мектеп"

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Заңды тұлғаның тұрған жері:

Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан облысы,

Түркістан қаласы, Абай көшесі, 159 құрылыс.

Басшысы: Тилеубергенова Шынар Ергалиевна.


Құрылтайшысы: : "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

Анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркелгенін растайтын құжат болып табылады.

Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні: 24.05.2006ж.

Анықтама берілген күні: 26.01.2021 ж.

**Департамент басшысының
орынбасары**



А.Тогузбаев

Министерство юстиции Республики Казахстан
Департамент юстиции Туркестанской области

**СПРАВКА
О ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИИ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА**

060540001343

бизнес-идентификационный номер

город Туркестан

26.01.2021 год

Наименование юридического лица:

**Коммунальное государственное учреждение
"Общая средняя школа №31 имени Абая" отдела развития человеческого
потенциала города Туркестан управления развития человеческого
потенциала Туркестанской области**

Местонахождение юридического лица:

**Республика Казахстан, 161200, Туркестанская область,
город Туркестан, ул. Абай, стр. 159**

Руководитель: Тилеубергенова Шынар Ергалиевна.


Учредитель: Государственное учреждение "Аппарат акима Туркестанской
области"

**Справка является документом, подтверждающим государственную
перерегистрацию юридического лица, в соответствии с законодательством
Республики Казахстан**

Дата первичной государственной регистрации: 24.05.2006г.

Дата выдачи 26.01.2021г.

**Заместитель руководителя
департамента**



А.Тогузбаев



Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
С.Кожанов көшесі, №47 үй, БСН 050240006212

Туркестанская обл. Город Туркестан,
улица С.Кожанова, дом №47, БИН 050240006212

№ 25 а/с

« 16 » 01 2023ж

Н.Ахметов туралы

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 11 бабына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы №559 бұйрығына, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2022 жылғы мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялау туралы хаттамалық шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ахметов Нурбол Жарылкасынович 16.01.2023 жылдан бастап Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Абай атындағы №31 жалпы орта мектеп» КММ-нің директоры қызметіне ротациялау тәртібімен тағайындалсын..
2. Ахметов Нурбол Жарылкасыновичке барлық қаржы және өзге де құжаттарына бірінші қол қою құқығы берілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімнің бас маманы Г.Танирбергеноваға жүктелсін.

Негізі: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 16.01.2023 жылғы №36-01-09/3164 санды хаты.

Бөлім басшысы



О.Колдасова

Бас маман:
Г.Танирбергенова

таныстым.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

2019 ж. « 14 » 01 ЗАНДЫ
 ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 060540001343

№ 328-1959-20-ММ куәлік

Алғаш тіркелген күні 2008 ж. « 24 » 05



Түркістан қаласы әкімдігінің
 № 30» 12. 2019 жылғы қаулымен
 «БЕКІТІЛГЕН» -
 «УҚЫМДЫҚ ЖҮРГЕН»
 По постановлению акимата города Туркестан
 № 198 от 30» 12. 2019 года

Түркістан қаласы әкімдігінің Адами капиталды дамыту бөлімінің «Абай атындағы №31 жалпы орта мектеп»
 коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ

Коммунального государственного учреждения «Общая средняя школа № 31 имени Абая»
 Отдела развития человеческого капитала акимата города Туркестан

1. ЖАППЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1. Осы жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, ҚР "Білім туралы" Заңға және басқада заң актілеріне сәйкес дайындалған.
2. Түркістан қаласы әкімдігінің Адами капиталды дамыту бөлімінің «Абай атындағы №31 жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бұдан былай "мекеме" коммерциялық емес ұйым болып табылады.
3. Мекеменің толық атауы: Түркістан қаласы әкімдігінің Адами капиталды дамыту бөлімінің «Абай атындағы № 31 жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
4. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
5. Мекеменің орналасқан жері: ҚР, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, индекс 161200, Бекзат мөлтек ауданы, Абай көшесі, №159.
6. Мекеменің құрылтайшысы — Түркістан қаласы әкімінің аппараты.
7. Мекеменің өкілетті органы: Түркістан қаласы әкімдігінің «Адами капиталды дамыту бөлімі». Мекеменің құрылтайшысы Заңдарға және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес мекемені құру, оны қайта құру және тарату мәселелерін шешеді.
8. Құрылтайшының заңды мекен жайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, индекс 161200, Әмір Темір, №28.
9. Мекеме қалалық Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткеннен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.
10. Мекеме заңды тұлға болып табылады, өзіндік мүлкі, дербес балансы, есеп айырысу (оның ішінде валюталық) шотты және банктерде басқа да шоттары, Қазақстан Республикасы Ел таңбасы белгіленген, атауы қазақ тілінде жазылған мері мен мөр табаны бар.
11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз билігінде тұрған ақшамен жауапты. Ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша жергілікті атқарушы орган жауапты. Келісім шарттар бойынша міндеттемелері үшін мекеменің жауапкершілігі, мемлекеттік мекемені ұстауға арналған заңдарға сәйкес бекітілген смета көлемінде болады.
12. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген Заңдарын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын, ҚР Үкіметінің нормативті актілерін және осы жарғыны басшылыққа алады.
13. Мекеме - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны болып табылады.
14. Мекеме құрылтайшының келісімімен, мекеменің білім беру бағдарламаларын орындау үшін заңды тұлға құқықтары жоқ бөлімдер (филиалдар) құра алады. Мекеме балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық және бастауыш сыныптарда ұзартылған күн топтар қызметін ұйымдастыра алады. Мектепке дейінгі шағын орталық 1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларды жан-жақты дамыту және баланы тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруда, балаларды әлеуметтік бейімдеуде олардың ата-аналарына әдістемелік кеңес беруді қолдау мақсатында құрылады. Мекеме мектепке дейінгі шағын орталықтың қызметін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының заңдарын, шағын орталықтар туралы үлгілік ережені, сондай-ақ басқа нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.
15. Мекеме басқа заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.
16. Мекеменің қызмет мерзімі шектелмеген.

II. МЕКЕМЕНІҢ МІНДЕТІ МЕН ҚЫЗМЕТІ.

17. Мекеменің басты міндеті - Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде және адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.
18. Мекеменің басым міндеттері мыналар болып табылады:
 - Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын менгеру үшін жағдайлар жасау;
 - Білім алушылардың жазғы демалыс сауықтыруын ұйымдастыру;
 - Білім алушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында мекеме білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы. Мекеме медициналық пункттер үшін үй-жайлар ұсынады.
 - жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;
 - азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
 - республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
 - әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін менгеру;
 - мекеменің еркіндігі, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықсыздандыру;
 - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;
 - алуан түрлі және көп қызметті білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу;
19. Мекеменің құзіретіне мынандай міндеттер жатады:
 - жарғының жобасын әзірлеу;

- ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту;
- «Білім туралы Заңға және тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы Үлгі ережеде өзгеше көзделмесе, білім алушылар контингентінің білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес қалыптастыру;
- оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жетілдіру;
- білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу;
- мекеменің басқару құрылымын, штат кестесін бекіту, қызмет міндеттерін бөлу;
- өздерінің қаржы қаражаты шегінде және республикалық нормативтік құқықтық актілермен белгіленген шектеулерді ескере отырып, мекемедегі қызметкерлердің жалақысы мен лауазымдық айлық ақысының ставкаларын белгілеу;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақыларына үстеме ақы мен қосымша ақы, оларға сыйлық берудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу;
- мекемені нормативтік талаптарға сәйкес материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, жарақтау мен жабдықтау;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;
- қоғамдық тамақтандыру ұйымдары бөлімшелерінің және медициналық ұйымдардың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасау, олардың жұмыстарына білім алушылар мен қызметкерлердің денсаулықтарын қорғау және нығайту мақсатында бақылау жасау;
- білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерінің уақытылы беріліп отыруын қамтамасыз ету;
- білім алушылардың күтімі мен тұру жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;
- оқытушылық (педагогикалық) ұйымдар мен бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;
- құрылтайшылар мен мүдделі адамдарға қаржылық және материалдық ресурстардың түсуі мен жұмсалыуы туралы есеп беру;
- Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған және мекеменің жарғысында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыру;

III. МЕКЕМЕНІҢ МАҚСАТЫ, ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ.

20.

Білім беру процесінің мақсаты мыналар болып табылады:

- қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуының жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін тоқтаусыз тәрбиелеу мен оқыту процесі;

Мекеменің жалпы білім беретін бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастыру, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеу міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

21.

Білім беру мекемесі жалпы білім беру бағдарламасын іске асырады.

Жалпы білім беруге:

- бастауыш білім беру;
- негізгі орта білім беру;
- жалпы орта білім беру;
- жалпы қосымша білім беру кіреді;
- Мектепте ұзартылған күн топтарының күн тәртібін белгілей алады балалардың белгіленген уақыт аралығында болуын қамтамасыз етеді;
- Мектепке дейінгі шағын орталығы жағдайында, балалардың белгіленген уақыт аралығында болуы;
- Мектепке дейінгі шағын орталығының топтары жастарының құрамына және диагнозына байланысты құрылады;
- Мемлекеттік мекеме тіршілік ету, оқу және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, жатық-тұратын орын беру арқылы мемлекеттік көмек пен қолдауға мұқтаж балалардың жалпы орта білім алуының білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасайды.

- Мекеме жазғы мерзімде өз базасында лагерлер мен демалыс базаларын, лагерлерді, сондай-ақ балалардың тұрғылықты жерлерінде балалардың тұрақты немесе ауыспалы топтарымен әртүрлі бірлестіктер құра алады.

IV. МЕКЕМЕГЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ.

22. Азаматты қабылдау кезінде мекеме оны және (немесе) оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін мекеме жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін, басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

23.

Құрылтайшы мекемеге қабылдаудың осы аумақта тұратын және тиісті деңгейде білім алуға құқығы бар барлық азаматтардың қабылдауын қамтамасыз ететін тәртібін белгілейді.

24.

Мектепке дейінгі шағын орталыққа балаларды қабылдау және оларды шығару мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережесінің негізінде жүзеге асырылады.

У. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

(оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, сабақ режимі).

25. Мекеменің оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

- Мекеме мемлекеттік стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және ағылшын тілдерін оқып-үйренуді ҚР Конституциясына және ҚР заңдарына сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

- Мектепте оқу – тәрбие процесінде балаларды ұзартылған күн топтарымен қамтамасыз етеді, қосымша сабақ өтілуіне, жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс жасау мүмкіндік көздейді.

- Мектепке дейінгі шағын орталығы оқу-тәрбие процесі балалар үшін ерекше болып табылатын қызметтердің түрлерін ескере отырып жүзеге асырады: ойындар, құрастыру, бейнелеу, музыкалық театрландырылған, қозғалыс белсенділігі, сондай-ақ балаға жеке тұрғыдан қарауды, балалардың жастық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әр-түрлі кіші топтармен жұмыс жасау мүмкіндігін көздейді.

26. Білім беру бағдарламаларын меңгеру бітірушілерді міндетті мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

27. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірленген мекеме бекітетін ережелермен айқындалады.

- Мектепке дейінгі шағын орталығы мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас шартпен реттеледі.

28. Мекеме білім алушыларды аралық аттестаттаудың нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

29. Мекемеде тәртіп білім алушылардың, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдауға жол берілмейді.

30. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдеріне білім беру процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерім бағаларымен танысу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

31. Мекемедегі тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың елжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласы мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.

32. Мекемеде нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды таратуға тыйым салынады.

33. Мектепке дейінгі шағын орталық ыңғайлы режим бойынша аптасына 2 күннен 7 күнге дейін, таңертең, сондай-ақ түстен кейін 2 сағаттан 10 сағатқа дейін жұмыс істей алады. Мектепке дейінгі шағын орталықтың топтары жинақталуына қарай оқу жылының ішінде ашылады.

34. Мектепке дейінгі шағын орталықтың жұмыс істеу тәртібі және балалардың оған келу уақытының ұзақтығы ішкі тәртіп ережесінен айқындалады.

35. Әскери шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы оқушы жастардың негізгі жалпы білім беру базасындағы бастапқы әскери даярлығы-мекемеде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

VI. БІЛІМДІ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ТӘРТІБІ.

36. Мекеменің қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мекеменің жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және қызметтік нұсқаулармен айқындалады.

37. Мекемедегі оқу-тәртіп жұмыстарын ұйымдастыру, басшылық және бақылау қызметтік нұсқаулармен, өндірістік жоспар негізінде жүргізіледі.

38. Мемлекеттік жалпы міндетті стандартты қамтамасыз ету, педагогтардың жұмысын ұйымдастыру, басқаруды Педагогикалық Кеңес жүргізеді.

39. Мекемеде оқушыларды аттестациялаудың нысаны мен уақыты Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің белгілеген нұсқауымен жүргізіледі.

VII. АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУДІҢ ТІЗБЕСІ МЕН ТӘРТІБІ.

40. Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету.

- Арнайы курстар және пәндер циклы бойынша қосымша сабақ беру қызмет.
- Репетиторлық қызмет көрсету (пәндер бойынша жекеленген оқушылармен оқу жоспарындағы сағат санынан тыс қосымша сабақ).

• Оқушылармен пәндерді тереңдетіп оқыту бойынша қосымша қызмет көрсету (мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес білім беру бағдарлама көлемінен тыс).

• Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру, сауықтыру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету.

• Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету.

• Үйірме жұмысын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету (базистік оқу жоспары көлемінен тыс).

• Оқушылар арасында спорттық-көпшілік іс-шараларын ұйымдастыру және медициналық қызмет көрсету.

• Жер учаскесін пайдалану;

41. Мемлекеттік білім беру мекемелерін ақылы білім беру қызметін көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы Өкіметінің 1999 жыл 22 қыркүйектегі 1438 қаулысымен бекітілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

VIII. МЕКЕМЕ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАНДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАТЫНАСТАРЫН РЕГЛАМЕНТТЕУ МЕН РӘСІМДЕУ.

42. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім беру ұйымын және қабылдау шарттарына сәйкес білім алу нысандарын талдауға құқығы бар.

Білім алушылар тілек білдірген жағдайда мекеме олармен тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген оқу шартын (келісім-шартты) жасасуға міндетті.

43. Білім алатын азаматтар білім алушылар болып табылады.

44. Білім алушылардың:

- мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;
- ҚР Білім және Ғылым Министрлігі бекіткен оқу жоспары негізінде жалпы міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде оқу жоспарлары, жеделдетілген білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;
- өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметін пайдалануға, білім алуға, оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстар таңдауға;
- мекемені басқаруға қатысуға;
- ҚР білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары белгілеген тәртіппен оқу орнына қайта қабылдануға және біреуімен екіншісіне, мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысуға;
- ҚР үкіметі белгілеген тәртіппен мекеменің кітапханаларының ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен тегін қамтамасыз етілуге;
- ҚР үкіметі белгілеген тәртіппен халықты жұмыспен қамту саласының жағдайы туралы ақпарат алуға және кәсіби-диагностикалық зерттеуден өтуге;
- өз пікірі мен сезімін еркін білдіруге;
- өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеуге және сыйақы алуға құқықтары бар.
- ҚР Білім туралы Заңына және ҚРБЖҒМ-нің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасының талаптарын бекіту» туралы бұйрығына сәйкес бірыңғай мектеп формасына өтуге міндетті;

45. Мекеменің білім алушылары:

жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге; оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;

ҚР Заңдарына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылудан кейінге қалдырылуға құқықтары бар.

46. Мекеменің бітірушілерінің келесі деңгейдегі білім беру мекемесіне түсу кезінде және жұмысқа орналасу кезінде құқықтары тең болады.

47. Білім алушыларды оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді.

48. Білім алушылардың жекелеген санаттарына ҚР Заңдарына сәйкес басқа да жеңілдіктер беріледі.

49. Білім алушылар мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыларын меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мекеменің жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

50. Білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

51. Білім алушылар міндеттерін бұзғаны үшін оларға мекеменің жарғысында, не шартта (келісім-шартта) көзделген тәртіптік жаза ету іс-шаралары қолданылуы мүмкін.

52. Мекемеде оқу-тәрбие процесі білім алушылардың жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады. Мекемеде білім алушылардың ауруына жол бермеу, денсаулығын нығайту, дене бітімін жетілдіру, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі міндетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

53. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың денсаулығына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Мекеме медициналық пункттерге орындар береді.

54. Мекеменің педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтіп тұруға міндетті.

55. Мекеменің сабақ кестесі білім алушылардың тамақтану мен белсенді демалысы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс жасалуын қамтамасыз етеді.

58. Мекемеде оқудың, тәрбиеленудің, еңбек ету мен демалудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жұмыскерлік директорге, ал бақылау жасау- тиісті мемлекеттік органдарға жүктеледі.
59. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары:
- білім беру ұйымын баланың қалауын, жеке басының бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып таңдауға;
 - ата-аналар комитеттері арқылы мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысуға;
 - мекемеден өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары жөнінде ақпарат алуға;
 - психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде консультациялық көмек алуға құқығы бар.
60. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:
- балаларға өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшін дамытуы, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
 - білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық жасауға;
 - балалардың оқу орнына баруын қамтамасыз етуге міндетті.
 - балаларын мектеп формасымен жіберуге міндетті.

60. Орта білім беру базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын орталықта балалардан (білім беру, дамыту, азықтандыру) үшін ақы алынбайды.

61. Балалар мен қызметкерлерге медициналық көмек көрсетуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мектепке дейінгі ұйымдарда қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар санитарлық ережелері мен нормаларына сәйкес белгіленеді.

62. Мектепке дейінгі шағын орталықта балалар тамақпен орталықтың күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылады. Балаларға арналған тамақ мектепке дейінгі шағын орталықтың арнайы қызметкерлерімен дайындалуы мүмкін немесе келісім бойынша жақын орналасқан мектепке дейінгі ұйымдардан немесе жалпы білім беретін мектептен жеткізілуі мүмкін. Баланы тамақтандыру ата-аналардың қаражаты есебінен ұйымдастырылады.

IX. МЕКЕМЕГЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫ БЕКІТІП БЕРГЕН МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ.

63. Мекеме құрылтайшының өзіне бекітіп берген мүлкін ҚР заңдарына сәйкес жедел басқару құқығымен пайдаланады.

64. Мекеме аудандық коммуналдық меншікке жататын жекеленген мүлікті жедел басқаруға құқығы бар.

65. Мекеменің мүлігі құрылтайшы берген мүлік есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлардан және айналым капиталынан, сондай-ақ құны мекеменің балансында көрсетілген өзгеде мүліктен тұрады.

66. Мекеме өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иелігінен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен иелік етуіне құқығы жоқ.

67. Мекеме заңнамаға белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке иелік ету құқығы берілуі мүмкін.

68. Мекеменің қызметін қаржыландыру.

69. Бекітілген сметаға сәйкес аудандық бюджет қаражаты және өзге де заңнамада тыйым салынбаған қаржыландыру көздері арқылы жүзеге асырылады.

X. МЕКЕМЕНІҢ ӨЗ ҚЫЗМЕТІ ПРОЦЕСІНДЕ САТЫП АЛЫНҒАН МЕНШІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ.

70. Мекеме мүлікті қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіппен иеленуге және пайдалануға құқығы бар.

71. Мекеме өзіне бекітіп берілген мүлікті өзінше басқа жаққа жатсындыруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

72. Мекеме құрылымын өзгерту мен оларды жекешелендіру, білім беру қызметінің бейіні сақталмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органдарымен келісе отырып жүргізіледі.

XI. МЕКЕМЕНІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

73. Қазақстан Республикасы азамттарының жалпы орта білім алуына-мекемені ұстауды бюджеттен қаржыландыру-мемлекеттік білім беру тапсырысы мемлекеттік кепілдіктердің негізі болып табылады.

74. Мемлекеттік білім беруге жыл сайын бюджет қаржысын бөлуді оның басымдығын ескере отырып қамтамасыз етеді.

75. ҚР Үкіметі халықтың тығыздығына және елді мекендердің алыстығына қарай білім беру ұйымдары желілерінің кепілді мемлекеттік нормативтерін бекітеді.

76. Мекемені қаржыландыру бір білім алушыға есептеліп айқындалатын, ҚР Үкіметі бекітетін қаржыландыру нормативтерінің негізінде жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

77. Мекемені қаржыландыру нормативтерінің абсолютті мөлшері инфляция қарқынына сәйкес үнемі индекстеліп, оны ҚР Үкіметі жыл сайын бекітіп отырады.

78. Мекеменің материалдық-техникалық базасын жасау мен дамыту жергілікті бюджеттердің қаражаты мен Заңда белгіленген өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

XII. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ БОЛУЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ.

79. Тәрбие білім беру мекемесі Жарғыға сәйкес, білім беру және басқа да ақылы қызмет есебінен кіріс әкелетін қызметпен айналысуына болады. Көрсетілген қызмет ақысы Қазақстан Республикасы заңнамалары бойынша анықталады. Осы қызметтен түскен кірісті бөлу тәртібі мекеменің өзінің Жарғысына сәйкес анықталады. Ақылы қызмет білім беру мекемесімен ерікті негізде ұйымдастырылып, келісім шарт арқылы жүзеге асырылады.

80. Жеке педагогикалық еңбек қызметі ақылы қызмет есебінде қарастырылуы керек. Жеке педагогикалық еңбек қызметі лицензияланбайды.

81. Басқа ақылы қызметке жататындар:

- Музыкалық аспаптарды пайдалану.
- Мемлекеттік білім беру мекемелерінің энерго көздерінен және қазандықтардан келетін жылу энергиясын беруі.
- Оқу-қосалқы және қосалқы шаруашылық қызметі жасалады.
- Оқу тәжірибелік учаске өнімдерін өткізу.
- Оперативтік басқару құқығындағы мемлекеттік мекеме асханасында ақылы тамақ ұйымдастыру.
- Орта білім беретін мемлекеттік мекеменің кәсіпорындардан оқушылар жұмысы үшін алатын қаржысы.
- Кеңсе тауарлары мен буфет өнімдерін сату.
- Оқу бланкалық нормативті құжаттарды, баспа өнімдерін таратудан түскен қаржылар.
- Балалардың жазғы мектеп жанындағы лагерлерінде демалғаны үшін ата-аналардан мектептерге түскен қаржылар.
- Мектеп дискотекаларын өткізу.
- Компьютерлік және көбейткіш техниканы пайдалану қызметі.
- Бір мезгіл мекен жайды пайдалану.
- Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің, тәрбиеленушілерінің қауіпсіздігін қорғау қызметінің жұмысын ұйымдастыру.
- Фотограф қызметі.
- Бос уақытта көрсетілетін қызметтер.
- Театрлық көріністер.
- Цирк өнері.
- Кино мен видео көрсету.
- Мәдениет пен өнер қызметкерлерінің жеке өнерін көрсетуі.

XIII. ӨКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ.

10. Жергілікті білім беруді басқару органы:

- Мемлекеттік мекемені басқару органдарының құрылымын, қалыптастырылу тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдауының тәртібін белгілейді.
- Мекемеге мүлкікті бекітіп береді;
- Мекемеге ұстауға арналған шығындар сметасын, жоспарын бекітеді;
- Мекемеге берілген мүлкіктің тиімді пайдаланылуы мен сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;
- Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны қызметінен босатудың негіздемесін белгілейді;
- Мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- Жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- Жылдығымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
- Ата-анисының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға қамқоршылық және қорғаншылық жасауды ұйымдастырады, оларды балалар үйлеріне немесе интернаттық ұйымдарға орналастырады;
- Мемлекеттік мекемелер мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан, жергілікті бағыныстағы білім-беру ұйымдарында оқу-тәрбиесі процесі мазмұнының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келуіне мезгіл-мезгіл бақылау жасауды ұйымдастырады және оны өз құзыреті шегінде жүргізіп отырады;
- Педагог қызметкерлерді аттестаттауды өткізеді және оларға біліктілік разрядтарын береді;
- Жалпы орта білім беру мәселелері бойынша жоғары тұрған органдарға статистикалық есеп беріп отырады;
- Аймақтық деңгейде педагог кадрларды қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды әдістемелік кабинеттер желісі арқылы әдістемелік қамтамасыз етуді жоспарлайды және ұйымдастырады;
- өз құзыреті шегінде білім беру ұйымдарын лицензиялау мен аттестаттауды жүргізеді.

XIV. МЕКЕМЕНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.

81. Мекемені басқару ҚР заңдарына сәйкес тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы Үлгі ереже мен мекеменің жарғысына сәйкес асырылады.
82. Алқалы басқару органы мен басқару органы болып Педагогикалық кеңес табылады. Алқалы басқару органдарын сайлау тәртібін қоса алғанда, олар туралы Ережені білім беру саласындағы орталық атқарушы органдар бекітеді.
83. Мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.
84. Мекеменің директорын заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.
85. Мекеменің директоры:
 - мекеменің қызметіне ағымдағы басшылықты жүргізеді;
 - мекеменің атынан сенім хатсыз әрекет етеді, келісім шартқа және контрактіге қол қояды, мекеменің қызметіне тікелей жеке жауап береді және мекеменің материалдық заттары мен ақша қаражаттарына билік етеді;
 - ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметтерін ұйымдастырады;
 - шарттар жасасады, сенімхаттар береді;
 - есеп пен есеп беруді қамтамасыз етеді;
 - оқпандық мөлшерін көрсете отырып еңбекке ақы төлеу қорын, штаттық кестені, материалдық көтермелеу, мекеменің дамуы және басқа да көзделмеген шығындардың қорының мөлшері, оны құру және пайдалану тәсілдері туралы ережені бекітеді;
 - өкім мен бұйрықтар шығарады;
 - мекеменің контрактпен (келісім шартпен) алынған қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау, жұмыстан шығаруды жүзеге асырады.
86. Мекеменің басшыларына өздерінің қызметтерін оның ішіндегі немесе одан тыс жерлердегі басқа да бағшылық (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) қызметтермен қоса атқаруға рұқсат етілмейді.
87. Мекеменің, олардың филиалдары (бөлімдері) басшыларының қызметтік міндеттерін қоса атқаруға болмайды.

XV. МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ШТАТЫН ТОЛЫҚТЫРУ ТӘРТІБІ, ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

88. Мекемеде тиісті кәсіптік білімі бар азаматтардың педагогтық қызметпен айналысу (оқыту) құқығы бар.
89. Тиісті кәсіптік білімі жоқ азаматтарға педагогтық қызметпен айналысу құқығы қажетті мамандар болмағанда ғана мекеменің кеңесінің шешімі бойынша беріледі.
90. Мекемеге педагогтық қызметке сот үкімімен оған тыйым салынған адамдар жіберілмейді.
91. Мекеме қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады. Бюджеттен алынатын қаражат есебінен ұсталынатын мекеме қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы Ережені еңбек саласындағы орталық атқарушы органдармен келісе отырып білім беру саласындағы орталық атқарушы органдар бекітеді.
92. Мекеме қызметкерлерінің жалақысы мен қызметтік айлық ақылары олардың біліктілігіне, қызмет міндеттеріне сәйкес белгіленеді.
93. Мекеме өздерінде бар еңбекке ақы төлеу қаражатының шегінде үстеме, қосымша ақылардың, сыйлықтардың және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерін өздері белгілеуі мүмкін. Бюджет қаражатынан ынталандыру сипатында төленетін төлемдер жалақының кепілді бөлігі бойынша берешек болмаған жағдайда ғана жасалуы мүмкін.
94. Мекеменің педагог қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесі аптасына:
бастауыш, негізгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін 18 сағат.
95. Өз қаражаты есебінен Еңбекке ақы төлеу жөніндегі ережені мекеме (құрылтайшы) айқындайды.
96. Мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мекеменің жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және қызметтік құсқаулықтармен айқындалады.
97. Педагогтық қызмет атқаратын адамдар педагог қызметкерлер болып есептеледі. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар қызметінің тізбесін ҚР Үкіметі белгілейді.
98. Мекеменің педагог қызметкерлері:
 - Кәсіптік қызмет үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
 - Мемлекеттік жалпы міндетті стандарт сақталған жағдайда педагогтық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға ;
 - ғылыми зерттеулер тақырыбын және олардың нәтижелерін педагогтық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
 - мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысуға;
 - жұмыстан қол үзе отырып, құрылтайшының қаражаты есебінен бес жылда бір рет ұзақтығы төрт айдан аспайтын уақытта өздерінің біліктілігін арттыруға;
 - санатын көтеру, қызметінде өсу мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттауға;
 - ақы төлейтін демалыс алуға;
 - жеке педагогикалық қызметке;
 - өзінің кәсіптік абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

- мекеме мен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметінің кезі болып табылатын материалдық активтер (ғылыми әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру және ақпарат технологиялары және басқалары нысанындағы интеллектуалдық меншігін меншіктің басқа түрлерімен бірдей қорғауға; мекеме әкімшілігінің бұйрықтары мен өнімдеріне шағым жасауға;
 - педагогикалық қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге, ордендермен және медальдармен, құрметті атақтармен, белгілермен және грамоталармен марапатталуға құқығы бар.
99. Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің ҚР заңдарына сәйкес және басқа да құқықтары бар.

XVI. ЖҰМЫС РЕЖИМІ.

100. Мекеменің жұмыс режимі Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» заңнамасына сәйкес айқындалады.

XVII. ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС.

101. Мекеме мен мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның, мекеме мен тиісті сала бойынша уәкілетті органның, мекеменің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама актілерімен реттеледі.

XVII. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТЫЛУ ТӘРТІБІ.

102. Мекеме өз қызметін қайта ұйымдастыру (бірігу, қосу, болу, қайта құру, бөліну) немесе тарату жолымен құрылтайшының шешімімен, сот шешімімен Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген жағдайларда тоқтатады.
103. Мекеме таратылған кезде кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырығаннан кейін қалған мүлкі, егер заң актілерінде өзгеше тәртіп көзделмесе, құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

XVIII. МЕКЕМЕНІҢ ЖАРҒЫСЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ.

104. Мекеменің жарғысына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар мекеменің құрылтайшысының шешімімен Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.
105. Мемлекеттік тіркеу кезінде мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жок.

1. ОБЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ.

- Настоящий устав разработан в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом РК «Об образовании» и другими законодательными актами.
- Коммунальное государственное учреждение «Общая средняя школа № 31 имени Абая» отдела развития человеческого капитала акимата города Туркестан, именуемое в дальнейшем "Учреждение", является некоммерческой организацией.
- Полное наименование учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Общая средняя школа № 31 имени Абая» отдела развития человеческого капитала акимата города Туркестан.
- Вид государственного учреждения: коммунальное.
- Местонахождение учреждения: РК, Туркестан обл, 161200, город Туркестан, микрорайон Бекзат, улица Абая, №159.
- Учредитель предприятия - Аппарат акима города Туркестан.
- Уполномоченный орган учреждения: Отдела развития человеческого капитала акимата города Туркестан.
- Учредитель учреждения в соответствии с Законами и иными законодательными актами решает вопросы создания учреждения, его реорганизации и ликвидации.
- Юридический адрес учредителя Туркестан обл, 161200, город Туркестан, пл. Амир Темир №28.
- Учреждение приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации управлении юстиции города.
10. Учреждение является юридическим лицом. Обладает обособленным имуществом, имеет самостоятельный баланс, расчетный счет (в т.ч. валютные) и другие счета в банках, печать и штамп с изображением герба Республики Казахстан со своим наименованием на казахском языке.
11. Учреждение отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности денег ответственность по его обязательствам несет соответствующий местный исполнительный орган. По договорным обязательствам ответственность наступает в пределах утвержденной сметы на содержание государственного учреждения в соответствии с законодательством.
12. Учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об образовании», Нормативными актами Правительства РК и настоящим Уставом.
13. Учреждение — учебное заведение, реализующее общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования, а также учебные программы дополнительного образования обучающихся и воспитанников;
14. Учреждение в праве по согласованию с учредителем создавать подразделения без прав юридического лица (филиалы) для организации выполнения образовательных программ учреждения. Учреждение организует дошкольный мини-центр с полным и неполным днем пребывания детей и умеет организовывать работу в начальных классах с группой продленного дня. Дошкольный мини-центр создается в целях всестороннего развития детей в возрасте от 1 года до 6 (7) лет и консультативно-методической поддержки их родителей в организации воспитания и обучения ребенка, социальной адаптации детей. Учреждение при организации дошкольного мини-центра руководствуется законами Республики Казахстан, типовыми правилами и мини-центрами, а также иными нормативными правовыми актами.
15. Учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица. Учреждения не имеет филиалов и представительств.
16. Срок деятельности учреждения — неограничен.

II. ЗАДАЧИ И ФУНКЦИИ УЧРЕЖДЕНИЯ.

Главная задача учреждения - создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики.

Приоритетными задачами учреждения являются:

- создание условий для освоения образовательных программ;
 - Организация летнего отдыха обучающихся;
 - В целях обеспечения охраны здоровья обучающихся учреждения вправе создавать структурные подразделения, обеспечивающие медицинское обслуживание обучающихся. Учреждение предоставляют помещения под медицинские пункты.
 - развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности здорового образа жизни, обогащение интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности;
 - воспитание гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине - Республике Казахстан, уважение к государственным символам, почитания народных традиций, нетерпимости к любым антиконституционным и антиобщественным проявлениям;
